

«М.А. Гендельманның 110 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 19» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 19», посвященной 110 - летию М.А. Гендельмана» - 2023.- Т. II, Ч.1.- Б. 168-171.

ӘОЖ 636.61

ЕТТІ БАҒЫТТАҒЫ БАЛАПАНДАРДЫ АЗЫҚТАНДЫРУ ЕРЕКШЕЛІГІ

Мынжасарова Р.М., 4-курс студенті

Ғылыми жетекшісі-а.ш.ғ.к., қауымд. профессор Сагинбаева М.Б.

*С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық
зерттеу университеті, Астана қ.*

Құс шаруашылығы – ауыл шаруашылығының ең жаңа және ең қарқынды дамып келе жатқан саласы. Өнімнің қысқа мерзімде өндірілуі нарық сұранысына бағыт-бағдар ұстауға мүмкіндік береді. XX ғасырдың екінші жартысынан бастап, Солтүстік Америка мен Батыс Еуропа елдерінде бройлер балапандарын өсіретін ірі құс өсіру кешендері қалыптаса бастады. Бүгінгі таңда құстың саны жөнінен Қытай, АҚШ, Ресей, ал жұмыртқа өндіруден Қытай, АҚШ, Жапония, Ресей және Үндістан ерекше көзге түседі [1].

Құс шаруашылығының шоғырлануы және оның өнеркәсіптік негізге көшірілуі құс еті мен жұмыртқаны өндірудің іс жүзіндегі бүкіл технологиясын қамтитын салаларды басқарудың бірқатар мәселелерін жетілдіріп ғылыми тұрғыда жетілдіріп, өндірістік сынақтан өткізуді талап етеді . Өндіріс типті ірі шаруашылықтарда, фабрикаларда құс еті мен жұмыртқа өндіру – осы заманғы технологияның өндірістік қарқындылығы және ырғақтылығымен, барлық цехтар және звенолардың өзара байланыстылығымен, көп еңбек сініруді қажет ететін жүйелерді жоғары дәрежеде механикаландыру және автоматтандырумен, табындарды стандарттап, біртектестендірумен сипатталады. Басқа үй малдарымен салыстырғанда құс саласы – аса қысқа уақыттың ішінде еңбекті де, азықты да, қаржыны да аз жұмсап, жұғымдылығы жоғары өнім – етті және жұмыртқаны жылдың төрт мезгілінде де көп мөлшерде өндіруімен ерекшеленеді [2].

Қазақстан Республикасының құс өнеркәсібі соңғы жылдары саланың сандық және сапалық даму қарқынын қарқынды түрде арттыруда. Құс шаруашылығын өнеркәсіптік негізде жүргізу жемді төлеудің жоғары тиімділігімен жоғары сапалы өнім алуға мүмкіндік береді. Жұмыртқа мен құс етін өндірудің барлық түрлерін өндіру технологиясын жетілдіру жас малдарды өсіру және ересек малды ұстау, өнімді қалдықсыз өңдеу, құс қалдықтарын биоконверсиялау бойынша нормативтік параметрлерді

сақтауды болжайды. Саланың бәсекеге қабілеттілігінің негізі - жұмыртқа мен құс етін өндірудің ресурс үнемдейтін технологиялары, түпкілікті өнімнің рентабельділігі, оның ішінде жемшөпті тиімді пайдалану есебінен, өйткені олардың өнімнің өзіндік құнында үлесі 70%-ға жетеді [3].

Өндірістің даму көрсеткіштерінің бірі – өндірістің тиімділік деңгейі және ел тұрғындарын осы ауыл шаруашылығы өнімімен қамтамасыз ету. Өздеріңіз білетіндей, Қазақстан жұмыртқа өндірісімен 100% қамтамасыз етілген, алайда етті құс шаруашылығының даму деңгейі төмен болғандықтан, республика импортқа тәуелді болып қалып отыр [4].

Қазақстандағы құс шаруашылығының міндеттерінің бірі азық-түлікті пайдалану тиімділігін арттыру болып табылады, өйткені теңгерімді жемнің жалпы қоры қажеттілікті толық қанағаттандырмайды.

2021 жылғы деректерге сәйкес, құс етінің өндірісі бір жылда 8 %-ға өсті, бірақ нарықтағы өнімнің 40 %-ға жуығы импортталады. Отандық өнім нарықтағы сұранысты небәрі 58 %-ға өтейді.

Етті бағыттағы балапандарды азықтандыру кәдімгі жұмыртқалайтын тауықтарды азықтандырудан біршама ерекшеленеді, өйткені екі айлық жаста, дұрыс ұстауды ұйымдастырған кезде етті бағыттағы балапандардың тірілей салмағы 1,5 кг немесе одан да көп килограммға дейін жетеді. Етті бағыттағы балапандардың тез өсуі үшін, оларды құрамында ақуыздар мен дәрумендердің көп мөлшері бар арнайы әзірленген құрама жеммен азықтандырған дұрыс. Сонымен қатар, олар қаңқаның дұрыс қалыптасуына ықпал ететін көптеген минералдарды қамтуы қажет. Витаминдер, аминқышқылдары, майлар және басқа да пайдалы заттар бар жем қоспасын үнемі тұтыну құстардың денесінде метаболикалық процестерді жылдамдатады, олардың тез және сау өсуіне ықпал етеді.

Түйіршікті құрама жем диқанар мен мал өсірушілер арасында өте танымал. Оны пайдаланудың артықшылықтары сөзсіз: малға пайдаланылатын азықтың сапасын жақсарту арқылы шаруашылықтың рентабельділігі артады. Бұл ретте сапасы белгісіз құрама жемді ұдайы сатып алуға кететін шығындар азайып, пайдаланылмаған шикізат көлемі барынша азайтылады. Бұл жем бройлерлерге өмір бойы қажетті пайдалы және қоректік заттарға, минералдарға және витаминдік қоспаларға бай.

Түйіршіктелген құрама жем мыналарға ықпал етеді:

- жылдам өсу және салмақ қосу;
- ас қорыту процесін жақсарту;
- иммунитетті нығайту;
- құстардың жұмыртқа өнімділігін арттыру;
- ауру мен өлім қаупін азайту.

Зерттеу жұмыстары Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Ақмол ауылының жанында, Астана қаласынан 36 км жерде орналасқан «Capital

Projects LTD» ЖШС шаруашылығында өткізілді. Жүргізілген зерттеуде етті бағыттағы балапандарды азықтандыру мәселесі қарастырылды.

2014 жылдан бастап «Capital projects LTD» ЖШС құс кешенінің құрамына «Buhler» (Швейцария) компаниясының жабдықтарын пайдалана отырып, бройлерлерге арналған түйіршікті жем шығаратын жем зауыты енгізілді.

Құрама жемнің барлық түрін өндіру бұрын келісілген өтінім бойынша жүзеге асырылады, ең жоғары өнімділік жылына 100 мың тоннаны құрайды, қазіргі уақытта құрама жем зауыты 55-60 мың тонна өнім шығарады. Жем цехы толығымен автоматтандырылған.

Өндіріс үшін жем шикізаты Қазақстан, Ресей Федерациясы және Аргентинадан мұқият іріктеліп алынған жеткізушілерден Астана қаласында орналасқан тәуелсіз жемшөп зертханасында сапаны міндетті бақылау арқылы сатып алынады.

Жемнің құрамдас бөліктері – премикстер, аминқышқылдары, витаминдер Германиядан тікелей келісім-шарттар бойынша жеткізіледі.

«Capital projects LTD» ЖШС шаруашылығы Арбор Айкрес кроссты бройлерлерін өсірумен айналысады. Арбор Айкрес – француз-британдық-американдық селекционерлердің бірлескен жұмысы арқылы шығарылды. Оның өнімділігі жоғары түрге жататын КОББ – 500 тұқымына тамаша балама болып табылады. Бордақылаудың 35-ші күнінде бройлердың дене салмағы 2 кг-ға жетуі мүмкін. Сүйектері мықты, кеудесі кең. Қораздардың жамбастары мен жіліншіктері жақсы дамыған. Қауырсынның құрылымы тығыз, ақ түсті. Арбор Айкрестің еті диеталық, аллергия тудырмайды.

Етті балапандарды бордақылау үшін жасына қарай төрт түрлі құрама жем пайдаланылады. Олар: сөре алды құрама жем (предстарт), сөре құрама жем (старт), өсу құрама жем (рост) және мәре құрама жем (финиш).

Сөре алды құрама жем (0-10 күн) – балапандарға бастапқы 10 күндігінде беріледі. Сөре алды құрама жемі қаңқа сүйектерінің белсенді қалыптасуына ықпал етеді және балапандардың ішектері мен асқазандарының жұмысына оң әсер етеді. Сөре алды құрама жемнің құрамында: бидай – 58,8%, күнбағыс майы – 2,2%, тұз – 0,061%, ас содасы – 0,23%. Құрама жемнің орташа берілетін мөлшері 15-60 г.

Сөре құрама жем – 11-20 күндік балапандарға арналған толық жем қоспасы, ұнтақ түрінде шығарылады. Ол мұқият ұнтақтау және ұсақтау арқылы ерекшеленеді, өйткені тауықтардың ас қорыту жүйесі ірі дәндерді сіңіру үшін әлі жеткілікті түрде қалыптаспаған. Сөре құрама жемдері жоғары калориялылығымен және тағамдық құндылығымен ерекшеленеді. Құрама жемнің орташа мөлшері 60-100 г. Мұндай құрама жемнің негізгі бөлігін жүгері – 50%, бидай – 16%, шрот немесе күнжара – 14%, арпа – 8% құрайды. Өндірушіге байланысты старт жемдері мыналарды қамтиды: өсімдік майлары; амин қышқылдары; қоректік фосфаттар; әктас; балық ұны.

Өсу құрама жем бройлер тауықтарына 21-30 күндік толық аралас жем болып табылады. Сөре құрама жемнен айырмашылығы, ол жоғары калориялы және ауыр болып келеді. Өсу құрама жемдері түйіршіктер түрінде шығарылады, нормалық мөлшері 100-120 г. Дөрекі ұнтақтау ұзақ уақыт бойы ас қорытуға және пайдалы компоненттердің жақсы сіңуіне ықпал етеді, сонымен қатар бройлердің ас қорыту жүйесін ынталандырады. Өсу құрама жемнің берілу мөлшері – 90-120 г. Мұндай құрама жемнің негізгі бөлігін жүгері – 48%, бидай – 13%, шрот немесе күнжара – 19%, астық қоспалары, ет және сүйек ұны, витаминдік қоспалар, майлы дақылдар, минералды қоспалар құрайды.

Мәре құрама жем – құстарды 31 күннен бастап союға дейін азықтандыруға арналған дайын қоспасы. Осы кезеңде бройлерлер бұлшық ет салмағын қарқынды түрде алады. Тенгерімді құрама жем жақсы салмақ қосуды қамтамасыз етеді және тауықтарда семіздікке әкелмейді. Мәре құрама жемін бір балапан үшін 120-150 г есептеледі. Ол құрамы бойынша ең қымбат және күрделі болып табылады. Мұндай құрама жемге мыналар жатады: жүгері дәндері – 45%; бидай дәндері – 13%; шрот немесе күнжара – 17%; ет және сүйек ұны – 17%; шөп түйіршіктері араласқан жем боры – 3%; ашытқы - 5%; азықтық май - 3%.

1 кесте – Жасына байланысты әр түрлі құрама жем сапасының көрсеткіштері

Жем түрлері	Алмасу энергиясы, ккал/кг	Шикі протеин, %	Шикі май, %	Клетчатка, %	Крахмал, %	Лизин, %	Метионин, %	Треонин, %	Триптофан, %	Кальций, %	Фосфор, %	Натрий, %	Хлор, %
Сөре алды құрама жем	281	23	4,01	3,89	35,9	1,27	0,61	0,88	0,26	0,9	0,33	0,16	0,23
Сөре құрама жем	290	20,5	4,56	4,64	36,37	1,11	0,56	0,78	0,21	0,8	0,27	0,16	0,22
Өсу құрама жем	281	20	4,96	5,54	38,69	1,09	0,58	0,75	0,22	0,8	0,27	0,17	0,23
Мәре	293	18,	6,5	5,7	39,	0,9	0,4	0,61	0,1	0,6	0,2	0,1	0,2

құрама жем		5	9	1	72	5	8		7	9	3	5	2
---------------	--	---	---	---	----	---	---	--	---	---	---	---	---

«Capital projects LTD» ЖШС шаруашылығында бройлерлерге арналған жемнің тағамдық құндылығы энергияның, шикі протеиннің, минералды заттардың және витаминдердің мөлшерімен бағаланады. Бройлерлердің дәрумендерге деген қажеттілігі толығымен қанағаттандырылуы керек, өйткені жемнің жетіспеушілігі метаболикалық бұзылулармен және аминқышқылдарының сіңуінің нашарлауымен бірге жүреді.

Импортты алмастыру үшін Қазақстанда құс фабрикаларының санын көбейту қажет, өйткені жыл сайын құс етін ішкі тұтыну көлемі артып келеді. Сондай-ақ, Қазақстанда құс етін импорттауға шамамен 77 млрд теңге жұмсайды.

Жайылымдық жер көлемін ұлғайту қажет, өйткені отандық жемшөп құнының жоғары болуына байланысты жем шикізаты көп мөлшерде шетелден жеткізіледі.

Осылайша, құс фабрикаларында балапандардың азықтануы олардың қандай мақсатта өсірілетініне байланысты болып келеді. «Capital projects LTD» ЖШС шаруашылығында етті бағыттағы балапандарды құрама жемнің 4 түрімен (сөре алды, сөре, өсу, мәре) бордақыланады. Құрама жемнің негізгі құрамдас бөлігі – жүгері. Етті бағыттағы балапандарды азықтандырудың құрама түрінде келесі мөлшері қолданылады: әртүрлі типтегі дәндер - жалпы жем көлемінің 30%, дәнді ұн қоспасы - 40% дейін. Құстардың қалыпты өсуі мен дамуы үшін өте қажет жануарлардан алынатын қоректік заттар - жалпы азықтың 10% -нан аспайды, ал минералды қоспалар – шамамен 5%.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Бейсенова Ө. География. [Текст]/ Бейсенова Ө., Каймулдинова К., Әбілмәжінова С. Оқулық– Алматы: Мектеп, 2010. – 304 б.
- 2 Таңатаров А.Б. Құс шаруашылығы практикум [Текст]// Таңатаров А.Б., Дабжанова С.Т., Мырзақұлов С.М., Қадыкен Р. – Алматы, 2008. – 312 б.
- 3 Сагинбаева М.Б. Технология производства продукции птицеводства [Текст].– Астана. 2018. – 124 б.
- 4 Есболова А.Е. Состояние и обоснование перспектив развития отрасли птицеводства в Казахстане [Текст] / Вестник КазЭУ. – 2016 г.